ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 16 маусым № 3313-25-00-2/482 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.С.Джолдасова
А.Даулетованың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Мейірім" Жаркент арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Оралбаев Омирсерик Коймуратович» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі О.Е.Нұрбосынов
жауапкердің өкілі О.К.Оралбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 08 қаңтарда "Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Мейірім" Жаркент арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме, Тапсырыс беруші) мен «Оралбаев Омирсерик Коймуратович» жеке кәсіпкері (бұдан әрі - Өнім беруші) арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 19 шарты (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың жалпы сомасы 1 785 168 теңгені құрайды.

Шарт жасалған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Жауапкер Шарт бойынша Тапсырыс берушіге қаңтар-желтоқсан (ай сайын тапсырыс берушінің өтінімі бойынша келісімшартқа қол қойған күннен бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін 2254 килограмм Теңіз қырыққабатты (теңіз өнімі) жеткізуге міндеттелген.

2025 жылғы 12 наурызда Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шартты орындаудан бас тарту туралы өтініш жолдаған.

2025 жылғы 13 наурызда веб-портал арқылы талап қоюшымен жауапкерге Шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолданған.

2025 жылғы 14 наурызда Шарт біржақты тәртіпте Тапсырыс берушімен бұзылған.

Талап қоюшы жауапкер Шартта өзіне жүктелген міндеттемені орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір сотқа түспеді.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі О.Е.Нұрбосынов талап қоюды қолдап, толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер О.К.Оралбаев Шартты орындай алмағанын жоққа шығармай, Шартқа қол қойылғаннан кейін Теңіз қырыққабаттың бағасы жоғарылап кетуіне байланысты тауарды жеткізуден бас тартуға мәжбүр болғанын көрсетіп, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танымауды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемелерді орындамағаны сотта анықталды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуіріндегі № 4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8-тармақшасына сай мемлекеттік сатып

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 21.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 23.07.2025, судья Киргабаков М. Б., 29.07.2025
3313-25-3-1/474

алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Шарттың талаптарын орындамау салдарынан Мекемеге жауапкердің әрекетімен талап қоюшыға теріс салдарлар туындағаны сотта анықталды, яғни Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн.

АК-тің 10-бабының 1-тармағына сай кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға қатысуымен байланысты тәуекелдерді көтереді.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған, талап қоюды сотқа уақытылы тапсырған.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден жергілікті бюджет пайдасына талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж салығы 1 966 теңге өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Мейірім" Жаркент арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Оралбаев Омирсерик Коймуратович» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 21.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 23.07.2025, судья Киргабаков М. Б., 29.07.2025

Жауапкер «Оралбаев Омирсерик Коймуратович» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурор өтінішхат - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, келтіруге құқылы.

Судья Г.С.Джолдасова

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 21.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 23.07.2025, судья Киргабаков М. Б., 29.07.2025

3313-25-3-1/474